

Г.А. Мамбетова

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.
e-mail: guldanamambetova@gmail.com

КЕҢЕС ҮКІМЕТІНДЕГІ ДІН МӘСЕЛЕСІ XX ғ. 60-80 ж. ШЕТЕЛ БАСПАСӨЗІ БЕТІНДЕ

Бұл мақалада XX ғ. 60-80 жылдардың аяғындағы КСРО-ның діни саясатына талдау жасалып, Одақ территориясындағы діни ахуал мен діни қозғалыстың шетел баспасөз беттеріндегі жариялану мәселелері қарастырылған. Автор КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңестің мұрағат құжаттарын басшылыққа алады, себебі, аталған орган одақ территориясынан тыс жарық көрген мақала, ақпараттарды жинап, есепке алып отырған. Материалдар арасында АҚШ, Англия, Финляндия, Жапония, Франция, Голландия т.б. елдердің алдыңғы қатарлы журналдары мен басылымдары тұрақты жарияланған мақалаларда Кеңес Одағындағы діни ахуал, мұсылман және христиан дінбасыларының сұхбаттары, мемлекет және шіркеу арасындағы және басқа да мемлекеттермен қарым-қатынастарының кейбір аспектілері қаралған. Шетел баспасөзіндегі кейбір мәліметтер жоғарыда аталған ұйымның 70-жылдардағы статистикалық есептерімен салыстырылып, анализ жасалған.

Автор Кеңес Үкіметіндегі шіркеу мен мемлекеттің қарым-қатынасы, басқа Орта Азия, араб мемлекеттерімен мұсылмандық және Еуропа елдерімен христиандық қауымдардың байланысы, 60 жылға жуық жүргізілген күрестің зардаптары мен нәтижелері қандай деген сұрақтарға КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңестің Қазақ КСР бойынша материалдарына сүйене отырып, талдау жасайды. Мақала авторы тарихи зерттеулер әдісі негізінде шетелдік баспасөздегі мақала авторларының бақылау әдістерін, ауызша тарихты пайдаланып, КСРО халқының «көрген және естіген дауысы» ретінде және Кеңес Одағына сапарын жеке тәжірибе ретінде сипаттағанына сүйене отырып, мақалалардың шынайылығы мен объективтілігін дәлелдеуге тырысады.

Мақаладағы тарихи деректер мен тұжырымдалған фактілердің мазмұнын ашуға болжам жасау, салыстыру және талдау жасау тәсілдері қолданылды.

Түйін сөздер: шетел баспасөзі, Кеңес Одағы, діни бірлестіктерді есепке алу, атеист, дін істері жөніндегі кеңес, діни бостандық, шіркеу, мұсылман дінбасылары, кеңестік кезең, діндарлар.

G.A. Mambetova

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Kazakhstan, Aktobe,
e-mail: guldanamambetova@gmail.com

Coverage in the foreign press of the 60-80s of the XX century of the religious situation in the USSR

This article analyzes the religious policy of the USSR, discusses the issues of coverage in the foreign press of the state of religion, the religious movement in the end of 60-80s of the XX centuries on the territory of the Soviet Union. The author relies on archival documents of the Council for Religious Affairs under the USSR Council of Ministers, as this body collected and recorded articles and information published outside the Union. Materials on religious policy of the USSR, published by leading journals and publications of foreign countries, such as the USA, England, Finland, Japan, France, Holland, etc. include conversations with the heads of Muslim and Christian clergy, analysis of the religious situation in the period under study, some aspects of the relationship between the state and the church. In addition, the statistical reports of the Council for Religious Affairs under the Council of Ministers of the USSR for the 70s were compared and analyzed.

Based on the materials of the Council for Religious Affairs under the Council of Ministers of the USSR for the Kazakh SSR, the author examines the relationship between church and state in the Soviet Union, the relationship of Muslim communities with other Central Asian and Arab countries and Christian communities with European ones. She also examines the consequences and results of the 60-year atheistic struggle. The author of the article, relying on the methods of historical research, is trying to prove the reliability and objectivity of articles in the foreign press, since foreign authors, using the methods of observation, oral history, described the trip to the Soviet Union as a personal experience, as a "visible and audible voice" of the population of the USSR.

To disclose the content of historical data and formulated facts, the article used methods of forecasting, comparison and analysis.

Key words: foreign press, USSR, registration of religious associations, atheist, council for religious affairs, freedom of religion, church, Muslim clergy, Soviet period, believers.

Г.А. Мамбетова

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Казахстан, г. Актюбе
e-mail: guldanamambetova@gmail.com

Освещение в зарубежной печати 60-80-х гг. XX века религиозной ситуации в СССР

В данной статье проводится анализ религиозной политики СССР, рассматриваются вопросы освещения в зарубежной печати состояния религии, религиозного движения в конце 60-80 гг. XX вв. на территории Союза. Автор ориентируется на архивные документы Совета по делам религий при Совете Министров СССР, так как данный орган осуществлял сбор и учет статей и сведений, опубликованных за пределами Союза. Материалы по религиозной политике СССР, опубликованные ведущими журналами и изданиями зарубежных стран, таких как США, Англия, Финляндия, Япония, Франция, Голландия и т.д., включают беседы с главами мусульманских и христианских духовенств, анализ религиозной ситуации в изучаемой период, некоторые аспекты взаимоотношений государства и церкви. Кроме того, были сопоставлены и проанализированы статистические отчеты Совета по делам религий при Совете Министров СССР за 70-е годы.

На основе материалов Совета по делам религий при Совете Министров СССР по Казахской ССР автор рассматривает взаимоотношения церкви и государства в Советском Союзе, взаимоотношения мусульманских общин с другими среднеазиатскими и арабскими странами и христианских общин с европейскими, также рассматриваются последствия и результаты 60-летней атеистической борьбы. Автор статьи на основе методов исторического исследования пытается доказать достоверность и объективность статей в зарубежной печати, основываясь на том, что авторы статей зарубежной прессы, используя методы наблюдения, устной истории, описывали поездку в Советский Союз, как личный опыт, как «увиденный и услышанный голос» населения СССР.

Для раскрытия содержания исторических данных и сформулированных фактов в статье были использованы методы прогнозирования, сравнения и анализ.

Ключевые слова: зарубежная пресса, СССР, регистрация религиозных объединений, атеист, Совет по делам религий, свобода вероисповедания, церковь, мусульманское духовенство, советский период, верующие.

Кіріспе

Кеңес үкіметінде дінге қатысты саясаты жүзеге асыру барысында мемлекеттік деңгейдегі көптеген комиссиялар мен партиялық бағыттағы қоғамдық ұйымдар мен органдар қызмет атқарғаны белгілі. Сол ұйымдардың бірі – Қазақ КСР-і бойынша КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі Кеңеске аталған мақаламызда баса назар аударатын боламыз (ары қарай – Дін істері жөніндегі кеңес). Өйткені, аталған орган 1966 жылдан бастап, Кеңес Одағы тарағанға дейін қызметін жалғастырып, одақ территориясындағы діни жағдайды, діни бірлестіктер мен қауымдарды, діндарларды есепке алып, бақылауда ұстаған, сонымен қатар, діни ұйымдардың шет елдердегі діни қауымдастықтармен байланысын, кеңес үкіметіндегі діни ахуал жайлы ақпараттар мен шетелдік баспасөз беттеріндегі жарияланым-

дарды да тіркеуге алып, статистикалық есептер беріп отырған.

Дін істері жөніндегі кеңестің ҚР ОМА сақталған мұрағат құжаттары арасындағы XX ғ. 60-80 жылдары жарық көрген шетел баспасөз беттеріндегі мақалалар мен мәліметтерден бірнеше мәселелерді көруге болады. Солардың ішінде тоқталатынымыз:

1. Қаншама жылдар бойы діншілдікпен және дінмен күрессе де, КСРО халқы арасындағы дінге деген қызығушылықтың арту мәселесі;

2. Кеңес Одағындағы діни конфессиялардың басқа мемлекеттердегі діни ұйымдармен қарым-қатынасы қандай болды деген сұраққа жауап іздеуге тырысамыз.

Мақалада Кеңес Үкіметіндегі дін мен мемлекеттің қарым-қатынасы, басқа да Орта Азия, араб мемлекеттерімен мұсылмандық және Еуропа елдерімен христиандық қауымдардың байланысы, 60 жылға жуық жүргізілген

күрестің зардаптары мен нәтижелері қандай деген сұрақтарға КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңестің Қазақ КСР бойынша материалдарына сүйене отырып, талдау жасалынды.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында қазақ халқының діни және ой бостандығы болғанымен, бір ғасыр өтсе де, кеңес өкіметінің бүкіл Одақ елдеріне, соның ішінде КазАКСР-ге жүргізген дінге қатысты саясатының салдары мен нәтижелері әлі күнге дейін өз әсерін тигізіп келеді. Діни сауатсыздық, атеистік көзқарастарды өз бойына сіңіруге мәжбүр болған, өз үйлерінде тығылып намазын оқып, оразасын тұтқан ата-бабаларымыздың арман-тілектерін болашақ ұрпақ пен қазіргі жастардың санасына жеткізу, тарихшылар мен зерттеушілердің парызы. Себебі тұтас бір қоғамның рухани және саяси өмірінде дін және дінге көзқарас мәселесі маңызды орын алады. Мемлекет пен діннің арақатынасындағы ұстанған саясаты ол әлбетте сол мемлекет азаматтары мен олардың ұрпақтарының да ой-санасы мен іс-әрекетіне тікелей әсер етеді.

Материалдар мен әдістер

Кеңес Одағы құрамындағы халықтар ұзақ жылдар бойы діни дискриминацияға ұшырады. Кеңестік режимнің дінмен күресі В.И.Ленин тұсында басталып, кейінірек кеңестік диктатор И.В.Сталин мен Н.С.Хрущевтің «жылымық», Брежневтің билігі кезеңдерінде де екі бағытта: идеологиялық және күштеп, мәжбүрлі түрде жүргізгені туралы мұрағат құжаттары мен шетелдік және отандық тарихнамадағы зерттеулер дәлелдейді. Мысал келтіре кетсек, 1979 жылы жарық көрген италяндық «Оссерваторе Романо» журналының «Діннің марксистік теориясы» атты мақаласында кеңестік жүйенің дінге қатысты қарым-қатынасына анализ жасай отыра, авторы Рене Кот дінді тұншықтыруға қатысты террордың Сталин кезінде емес, Ленин тұсында басталғанын айтады. 1922 жылдың қаңтарындағы «Молотов жолдасқа Политбюро мүшелерінен...» хатын мысалға келтіріп: «пікірталас барысында конгреске монастырлардың, лаврлардың, шіркеулердің қазыналарын барынша қатал түрде, ойланбастан, қысқа мерзімде тәркілеу туралы құпия шешім қабылдау туралы сөзімді жеткізіңіз. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, поптар мен реакцияшыл буржуазияны қаншалықты көбірек атсақ, соғұрлым жақсы болады. Бұл жұртшылыққа жақсылап сабақ беретін

кез келді...» (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс. 204, 4-п.) делінген, яғни бұл хаттан қаншалықты қатыгез әрі мақсатты түрде күрестің жүргізілетіндігін аңғаруға болады.

«Егер Сталин кезінде бұл күрес әбден ашық жүргізілсе, Хрущев заманынан бері ол ауызша жоққа шығарылды, бірақ шебер бүркемелеумен одан кем емес құтырумен жалғасуда» – деп, 1979 жылғы «Дойче Тагеспост» атты тұрақты басылып отырған неміс журналындағы «Шығыста діни сенім тірі» мақаласының авторы Конрад Кремер кеңес елдеріндегі діни жағдайға осылайша сипаттама береді (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс. 204, 26-п). Бұл жерден кеңес үкіметіндегі дінге қарсы күрестің ұзақ әрі әлі де жүріп жатқанын байқауға болады, дегенмен мақала тақырыбына назар аударсақ, біршама қарсылықтар мен қудалауларға қарамастан, діннің жойылмағанын түсіне аламыз.

Шетелдік тарихнамада ағылшын зерттеушісі У.Флэтчер кеңес үкіметінің дін мәселесіне қатысты саясатын халықаралық саясатпен байланыстырады (Fletcher W, 1973:350). Автор, әсіресе, екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде және соғыстан кейінгі дін саясатының кейбір мәселелері туралы жазды (Садықова М.А, 2015:6). Сонымен бірге, Канададағы Батыс Онтарио университетінің профессоры Д.В.Поспеловский 1988 жылғы басылып шыққан Кеңестік дінге қарсы науқандар мен қудалаулар (Soviet Antireligious Campaigns and Persecutions) атты еңбегінде Кеңес үкіметінің дінге қарсы пропаганда мен күресін хронология бойынша бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырады. Тек қана православие діні бойынша 40 000 дінбасылардың құрбан болғандығын атап айтады (D.V.Pospelovsky, 1984:7-8). Аталған еңбектердің КСРО аймағынан тыс басылып шығуы мен кеңестік цензураға ұшырамауы бізге партиялық емес, объективтілік принципі тұрғысынан жазылған еңбектер деп айтуға толық негіз бола алады.

Кеңес Үкіметінің дінге қатысты саясаты туралы кеңестік зерттеулерді қарастыратын болсақ, «құпия» әрі «қауіпті болуына» байланысты, соғыстан кейінгі кезеңде Кеңес мемлекетінің шіркеу саясатына бет бұрған алғашқы зерттеушілері шет елдерде тұратын орыс эмиграциясының өкілдері болды. Бұл жерде «ШОСХҚ Хабаршысының» (Шетелдегі орыс студенттік христиандық қозғалысы) қызметі ерекше рөл атқарды, оның беттерінде орыс діни-философиялық ойының белгілі өкілдері, тарихшылары, дін қайраткерлері еңбектерін жария-

лады: А.В.Карташев, Н.А.Струве, протоиерей Д.Константинов, епископ Сильвестр, Аркадьев және басқалары (А.В.Горбатов, 2011:10).

1962 жылы Мюнхен қаласында жарияланған «ШОСХҚ Хабаршысының» беттеріндегі «Кеңестік Ресейдегі шіркеу» атты арнайы бөлімінде тарихшы Н.А. Струве: «Біздің міндетіміз–Кеңестік Ресейдегі шіркеу мен дінді қудалаудың жаңа кезеңі туралы барынша көбірек айту», - деп басылымның қазіргі міндеттерін айқындап берді (Струве,1962:29). Бұл хабарлама әрине өз кезегінде шетелдік авторлар мен зерттеушілердің басты зерттеу тақырыптары ретінде көрініс тапты.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында кеңес билігінің дінге қатысты саясатының өзгеруі жаңа мемлекеттік органдардың құрылуына әкелді. Олар КСРО Халық комиссарлары кеңесі (1946 жылдан – КСРО Министрлер кеңесі) жанындағы Орыс Православие шіркеуі істері жөніндегі кеңес және Діни культтер ісі бойынша кеңес еді (К.Т.Бөдеев, З.Г.Сактаганова, 2018: 57).

Дін істері жөніндегі кеңес 1965 жылы 8 желтоқсанда Хрущевтің дінге қарсы науқанының соңына қарай КСРО Министрлер Кеңесіне бағынатын екі құзыретті органның – Орыс Православие Шіркеуі Кеңесінің (1943 жылы 14 қыркүйекте) және Дін істері жөніндегі кеңестің (1944 жылы 19 мамырда құрылған) бірігуі нәтижесінде құрылды. Жаңа институттың негізгі мақсаты «Кеңес мемлекетінің діндерге қатысты саясатын дәйекті түрде жүзеге асыру, діни культтер туралы заңнаманың сақталуын бақылау» болды (Атеистический словарь / под род. М.П.Новикова,1985).

Аталған кеңес өзінің алдындағылар сияқты КСРО Конституциясының сақталуын бақылауды жүзеге асырды, КСРО-ның діндерге қатысты заңдарын дұрыс қолдану және жүзеге асыру, православиелік және басқа конфессиялық дін өкілдерінің осы заңнаманы сақтауын тексерумен айналысты, бірлестіктер мен орталық және жергілікті билік органдарына діни бірлестіктердің есебін жүргізді, намазханаларды, ғибадатханалар мен діни ғимараттарды және т.б., тіркеуге алды, сондай-ақ коммунистік режимнің заңдар жобаларын, Президиум жарлықтарын әзірледі. КСРО Жоғарғы Кеңесінің, КСРО Министрлер Кеңесінің дін мәселелері жөніндегі қаулылары мен өкімдерін әзірлеп оларды Министрлер Кеңесіне ұсынды. Діни ұйымдардың қызметі туралы КСРО үкіметін хабардар етті, және діни ұйымдар арқылы халықаралық қатынастарды жүзеге асыруға ат салысты (ҚР ОМА; 2079,1-тізбек).

КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңеске және оның жергілікті уәкілетті комиссарларына (уполномоченные):

1. Діни бостандыққа кепілдік беретін заңдардың, сондай-ақ дінге қатысты барлық, басқа да заңнамалық актілердің сақталуына, дұрыс қолданылуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру.

2. Қоғамның дамуына, діни бірлестіктердің ережелері мен қызметіндегі өзгерістерді ескере отырып, дінге қатысты мәселелер бойынша жаңа заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Үкіметке енгізу мақсатында культтер туралы заңнаманы қолдану тәжірибесін зерделеу және жалпылау.

3. КСРО Үкіметін дін конфессияларында болып жатқан өзгерістер, процестер мен құбылыстар туралы, олардың қызметі, даму тенденциялары мен ерекшеліктері туралы дер кезінде хабардар ету.

4. Діни ұйымдарға халықаралық қатынастарды жүзеге асыруға көмектесу, бейбітшілік үшін күреске қатысу, халықтар арасындағы достықты нығайту, сондай-ақ діни ұйымдардың есебін жүргізу тапсырылды (ҚР ОМА; 2079,1-тізбек). Негізінде тек құжат жүзінде ғана осылай болғанымен, діни бостандыққа кепілдік беретін заңдардың, діни жарғылардың барлығы тікелей осы органның бақылауында болды, яғни заңды түрде діни бостандық үшін деп құрылған орган, керісінше діннің жойылуына бағытталған жұмыстар жүргізіп отырды. Және де 4-пункт бойынша, бейбітшілік үшін күрес пен халықаралық қатынастарды жүзеге асыруда дінбасылар мен діни ұйымдардың қолдауы мен пікіріне жүгінуі дүниежүзі елдері алдында көзбояшылық түрінде болды, себебі, одақтың ішкі мәселелерін шешуде олардың пікірлеріне мүлде мән берілмеді.

КСРО Мемлекеттік кеңесінің 1991 жылғы 14 қарашадағы қаулысымен Дін істері жөніндегі кеңес жойылады. Ал, Алматы қаласы Орталық Мемлекеттік мұрағатында арнайы осы ұйымның шығарған бұйрықтары, әр облыс өкілдерінің бір-бірімен хат алмасулары, статистикалық есептері, резолюциялар мен басшыларының жасаған баяндамалары 1711-КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі Кеңестің Қазақ КСР бойынша комиссары, 1709-Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Орыс православиесі шіркеуінің істері жөніндегі уәкілетті кеңесінің құжаттық материалдары, 2079-КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі Кеңестің Қазақ КСР бойынша уәкілеттілігі қорларында сақталған.

Нәтижелер мен талдаулар

Шетел баспасөз беттерінде, әсіресе, XXғ.60-80 жылдары КСРО-дағы діни ахуал мен діни қайраткерлердің жағдайы туралы материалдар белсенді түрде жариялана бастады. Мақалалар негізінен Америка, Англия, Жапония, Швейцария, Франция, Голландия және т.б. дамыған елдердің ірі басылымдарында жарық көріп отырған. Солардың ішінде Одақ елдеріндегі діни ахуал батыс елдеріндегі КСРО да діни бостандық жоқ, сенушілердің құқықтары қорғалмаған, олар неше түрлі шектеулер мен тыйымдарға әлі де ұшырауда деген ақпараттардың шынайылығын зерттеу мақсатында түрлі телебағдарламалар мен жарияланымдардың басты тақырыптарына айналды.

Бұл материалдардың объективтілігіне келер болсақ, бұл мақала авторлары негізінен Кеңес Одағының елдері мен қалаларында болған тілшілер, яғни тікелей куәгерлер болды. Мысалы, австралиялық «Soshelist» (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс.204, 16-п) басылымдарының бірінде 1979 жылы жарық көрген корреспондент Джим Митчелдің мақаласында автор Мәскеудегі үйіне жақын орналасқан православие шіркеуіне қалай барғанын айтып береді. Оның пікірінше, шіркеуде жас қыз-жігіттерді жиі кездестіруге болады, дегенмен келушілердің негізгі бөлігі егде жастағы әйелдер екендігі айтылып, «жастарды көбіне жай қызығушылық жетелейді, ал қарт адамдар жеке қайғы-қасіретінен жұбаныш іздейді» -деп жазылған. Сонымен бірге, қазіргі кезде дінге сенушілер басқа да азаматтар секілді патриот әрі солармен бірдей құқылы дәрежеде деп, КСРО-дағы діни ахуалға оң сипаттама береді. Осыған ұқсас мәліметтер финляндиялық «Васабладет» журналындағы Альфонс Сундквист атты автордың «Кеңес Одағында дін өмір сүреді» атты мақаласында кездеседі: «мен бұрын-соңды Кеңес Одағындағы әртүрлі бағыттағы христиандарының арасында болған екі аптадағыдай өзімді христиандық күш-қуат көздеріне және діни қауымдық өмірге соншалықты жақын сезінген емеспін. Христиандық бұл үлкен мемлекетте айқын өмір сүреді әрі қарқынды дамуда. Дәл қазір ол жерде тоқтаусыз діни ояну жүріп жатқан сияқты. Інжілдер мен рухани өлеңдер жинақтарының тапшылығына байланысты мәселелер шешіле бастады. Жалпы алғанда, Кеңес Одағы христиандарының болашағының жарқын бейнесі қазірден бастап қалыптаса бастады деп жазады (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс. 204, 7-п). Аталған

мақалада Мәскеу, Псков, Новгород және Киевтегі түрлі православиелік және баптистік қауымдарға сипаттама беріледі. Бұл ретте барлық жерде діндарлардың жергілікті билікпен жақсы қарым-қатынаста екені және ғибадаттарды еркін өткізуге барлық жағдай жасалғаны баса айтылған. Автордың мәлімдеуінше тіркелген баптистік қауымдармен қатар, көптеген жасырын «подпольные» ұйымдардың бар екендігі, егерде жергілікті биліктің бекітілген тәртіптерін бұзбаған жағдайда оларға өздерінің қызметін жалғастыруға ешкім кедергі жасамайтынын да жазған. Біз бұл жерде неліктен тіркелмеген ұйымдардың бар екеніне назар аудару керекпіз, егерде толықтай автордың сипаттағанындай кеңес Одағында дін еркін өмір сүретін болса, заңсыз, жасырын діни ұйымдар болмай, ашық түрде қызмет атқаруы керек еді.

Тағы бір дерек ретінде жапон баспасөзінің арнайы тілшісі Фумитоси Такасахидің «Кеңес Одағындағы дінді өз көзіммен көрдім» (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс. 204, 13-п) атты мақаласында Кремльдің барлық тарихи ескерткіштеріне сипаттама жасайды: «әрине, қазіргі уақытта бұл храмдардың барлығы тек туристік орындар болып табылады. Кеңес Одағында өз қызметін тоқтатқан шіркеулер әдетте кресттерін алып тастайды, бірақ кресттер Кремль шіркеулерінің алтын жалатылған күмбездерінде мақтанышпен әлі тұр. Бұл саясат пен діннің бейбіт өмір сүруінің символы емес пе?» деп жазады. Ленин кесенесін аралап, көргенінің бәріне тәнті болған ол мақаласын Кеңес Одағында тағы бір сенім бар, ол – «марксизм-ленинизмге сенім» деген тұжырыммен аяқтайды. Менің ойымша, автор, атеистік қоғам құруда Кеңес Одағының біршама жетістікке жеткенін айтқысы келіп, бұл елде дінге сенушілермен қатар атеистер де өмір сүреді деген тұжырымын жеткізді.

XX ғ. 60-80 жылдары КСРО халқы арасында діншілдіктің күнделікті тұрмыс салтында жиі көрініс табуы, немесе дінге деген қызығушылықтың артқанын мына фактілерден көре аламыз: «халық газеті» деген мағынаны білдіретін итальяндық «Giornale del Popolo» журналы «Жастардың сенімі Мәскеуді алаңдатады» (ҚРОМА; 2079, т.1, іс. 204, 92-п) тақырыбындағы хабарламасында «Правда» газетіне сілтеме жасай отырып: «кеңес адамдарының әртүрлі діни белгілерді көрсетудегі ашықтықтарының артуы КСРО билігін көбірек алаңдатады. Осы жазда көптеген жастар діни алқалар мен крестер (бұрын оларды киімнің астында жасыратын) бейнеленген шынжырларды ашық түрде киіп,

қоғамдық орындарда көріне бастады. Христос бейнесі бейнеленген жейделер мен сөмкелер пайда болды. Тіпті, КОКП-ның идеологиялық органдар қызметкерлерінің балалары шіркеулерде кресттерді аналарына немесе аналарының оларды балаларына сатып алып жатқан жағдайлары келтірілген» – деп жазады.

Дәлел келтіретін тағы бір ақпарат, неміс журналы «Швабише Цайтунг» (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс. 204, 9-п) Литвадағы католиктік шіркеу жағдайының қалыпқа келгенін жазады. Егер 1972 жылы көктемде демонстрациялық қарсылықтар жиі болып тұрса, қазіргі күні католик шіркеулерінің жұмыс істеуіне қалыпты жағдайлардың жасалған. Каунас діни семинариясында 72 студент білім алады. Қала ортасында орналасқан қасиетті Тереза шіркеуінің поляк мамандарымен қайта жөндеу жұмыстары жүргізілгендігін, және осы шіркеуде жұмыс күндері бес, ал жексенбі және мереке күндері жеті рет құдайға құлшылық жасау рәсімі өтетіндігін атап көрсеткен.

Бірнеше жылдық заңдар мен тыйымдарға қарамастан, Кеңес Одағына қарасты елдерде діни жоралғылар мен әрекеттер көптеп жасалып жатқандығы туралы мәліметтер баршылық. Өз кезегінде ХКК қарасты Діни салттар жөніндегі кеңес барлығын жазып, жинақтаған, және әр жылғы статистикалық есептерінде көрсетіп отырған. Мысалы, голландтық «Пойнт Интернешнл» баспасөзі «Қуғындаулар дінге сенушілерді күшейтеді» атты мақаласының авторы, профессор Д.Пауеллаға (АҚШ) сілтеме жасап, «Кеңес Үкіметіндегі соңғы 60 жыл ішіндегі дінге қарсы кампаниялардың жұмысы қарама-қарсы нәтижелерге жиі әкелді, яғни діннің берік болуына әкелді деп жазады. «Кеңестік басшылар діннің уақыт өте жойылатынына сенбейді және олар енді дінді толығымен жоймақшы. Ол үшін билік қорқытулар мен діни және қарапайым сенушілерді жазалауда. Сол мақсатта діни тәжірибелерді реттеп отыратын түрлі шиеленіскен заңдар жүйесін жасады. Дінге қарсы жауыз әрекеттер барлық храмдардың жартысы жабылған Хрущев кезінде де жүзеге асты. Қазіргі уақытта басымдылық террорға емес, ғылым мен атеизмді насихаттауға күш жұмсалуда» – делінген. Аталған мақала «кеңестік режимнің барлық күш салып жатқанына қарамастан, дін санасуға тұратын күш ретінде қалып тұр» деген тұжырымдамасымен аяқталады (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс. 204, 3-п).

Британдық басылым The Guardian өзінің саяси бақылаушысы Джонатан Стиллдің (ҚР ОМА;

2079, т.1, іс. 204, 69-п). Кеңес Одағындағы дін мен шіркеудің жағдайы туралы мақалалар топтамасын «Шіркеу бар, бірақ естілмейді» деп бастайды, және Ленинградтағы Әулие Владимир соборында қайтыс болғандарды жерлеу рәсімін сипаттай келе: «мен осы сенбінің таңында байқағаным, Ұлы Октябрь революциясының 63-жылы ма әлде орта ғасырлар ма?.. Топтық шомылдыру рәсімі мен жерлеу рәсіміне қатысу кезегіне жиналған көп халық, есік маңындағы шамдарды сатудан шіркеу кассасына құйылып жатқан ақша ағыны... Және осындай жағдайларды басқа ірі қалалардағы көптеген шіркеулерден де көруге болады дейді халық», деп жазады. Автор ұзақ жылдар бойы, мүмкін Ресей шіркеулерінде бұрын-соңды мұндай көп адам болмаған шығар деген пікірге келеді. Сондай-ақ, Мәскеу-Рига-Ленинград-Одесса-Баку бағыты бойынша саяхаттап, барлығы 35 шіркеуді аралаған соң, КСРО-дан белсенді діни өмірдің әсерімен кеткенін айтады. Автордың пікірінше, мұндай көрініс кеңестік бақылаушыларды қуантады да, бір жағынан көңілін қалдырады, өйткені, басқа елдерге одақтағы ар-ождан бостандығын көрсетуге дәлел болса, екінші жағынан, дінге деген қызығушылықтың белгілі бір деңгейде қайта жандануы, әрине ресми идеологияның мақсаттарына қайшы келеді дейді. Автор КСРО-да жұмыс істеп тұрған ғибадатханалар жеткілікті ме деген ойға қорытынды жасауға талпынбайды және Дін істері кеңесі төрағасының орынбасары П.Макарцевпен әңгімелесу барысында алынған түсініктемелермен келісетінін жаза келе: «орыс православие шіркеуі жаңа шіркеулерді, әсіресе үлкен қалаларда ашуға ұмтылмайды, себебі иерархтарға храмдардың адамдарға толы кезі ұнайды. Бұл жақсы психологиялық әсер береді, өйткені адамдар өздерін үлкен тобырдың бір бөлігі ретінде сезінеді, ал жартылай бос ғибадатхананы көру адамдарда діни сезімдерді оятпайды», – делінген. Дінге сенушілер көбейіп жатыр деген дұрыс пікір емес. Отызға толмағандардың екі пайыздан астамы ғана шіркеуге барады. Енді ғибадатханалар саны азайғандықтан, әрқайсысы үлкенірек аумаққа қызмет етеді және бұл шоқындыру рәсімінен өтушілердің саны өсті деген елес тудырады. Ресми кеңестік дереккөздерге сүйенсек, халықтың 12%-ы діндарлар, яғни, 262 миллионның 30 миллионнан астамы. Біздің ойымызша аздап көптеу болуы мүмкін, 36-40 миллионның айналасында» деген үзінділерін келтіріп, Кеңес Одағының дінге қатысты саясаты парадокспен сипатталатынын жазады. Конституция ар-ождан бостандығына

және «кез келген дінді ұстану немесе ешбір дінді ұстанбау, діни культтерді ұстану немесе атеистік үгіт-насихат жүргізу бостандығына» кепілдік береді деген тұжырыммен аяқтайды. Мақала авторымен келісе келе, XX ғ. 60-80 жылдары одақ халықтарының арасында діни жанданудың болғанын көреміз. Мысалы, тек Қазақстан бойынша алып қарайтын болсақ, елдегі дін істері жөніндегі кеңестің 70-жылдардың басындағы статистикалық есептеріндегі (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс. 81, 12-13-п) мәліметтерді алатын болсақ, 1971 жыл бойынша барлық тіркелген діни бірлестіктердің жасаған діни жоралғыларының саны 251549 деп көрсетілген. Бұл 1970 жылға қарағанда 190139 жоралғыларға өскен. Аталған жылы лютерандарда шоқындыруда біршама өссе, меннониттерде тұрақты, ал евангелиелік христиан баптистерінде 365 шоқинуға дейін қысқарғандығын айтады. Және шоқындырудың әлдеқайда көбейген аймақтары ретінде Ақтөбе, Алма-Ата және Қарағанды облыстарында екендігі жазылған. Ал, мұсылман дініне келер болсақ, республика бойынша 1971 жылы мешіттерде неке қию көбейгені туралы ақпараттар бар. Егер Республика бойынша барлық мешіттерде 1970 жылы 1187 неке қию рәсімі болса, 1971 жылы – 1214 рәсім тіркелген екен. Біріншіден Жамбыл облысында (36 оқиға) одан кейін Шымкент облысында (132 оқиға) аталған рәсімнің көбейгенін жазады. Осыған орай, осы облыстарда тұрмыста діни емес мерекелермен қатар ритуалдардың және діни емес рәсімдерді енгізуге аз көңіл бөлінуде деген тұжырым жасалынған. Яғни бұл статистикалық есептерден діни жанданумен қатар, атеистік үгіт-насихаттың әлі де жүріп жатқанын көреміз, себебі жергілікті уәкілетті комиссарларына діни емес мерекелерді енгізу жұмыстарын дұрыс жүзеге асырмай жатыр деген ұсыныстары дәлел бола алады.

«30 жылдары дінге қарсы жүргізілген саясаттың нәтижесінде: Ресейдегі 25 мың мешіттен 1986 қарсаңында 376-ы ғана қалған. Қазақстанның қазіргі территориясында қалаларды айтпағанда әр елді мекенде болған мешіттен, санаулылары қалған» (Қ.А.Ахметов, Алматы 2002, 240). Одақ территориясында, соның ішінде Қазақстанда діни мекеме, мешіттер жабылғанымен, күнделікті тұрмыс-тіршілікте діни жоралғылар мен рәсімдердің біз қарастырып отырған кезеңде азаймай, қайта көбейгенін жоғарыда көрсетілген статистикалық мәліметтерден көре аламыз.

Ал шетелдік журналистер мен делегаттардың зерттеулеріне оралсақ, КСРО – да дінді бақылау

мен діншілдікті ығыстыру XX ғасырдың 80-жылдарына дейін жалғасқанын көреміз. Мысалы, The Guardian британдық басылымдарының бірі тілшісі Хелла Пиктің «Мәскеу баптистерді шығаруға дайындалуда» (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс. 204, 69-п) атты мақаласында халықаралық амнистия ұйымынан алынған ақпаратқа сілтеме жасай отырып, автор былай деп жазады: «Мәскеу мен Мәскеу облысындағы баптистер келесі жылы өтетін Олимпиада ойындары кезінде жаппай көшіріліп, мәжбүрлі қоныс аудару қаупі төніп тұр». Автордың пікірінше, осы кезеңде Мәскеуде көптеген шетелдік азаматтардың болатынын ескере отырып, басқа да шаралардың жоспарланғанын айтады. Атап айтқанда, билік психиатриялық ауруханаларда жатқан адамдардың бір бөлігін басқа қалаларға көшіруді, ал кейбіреулерін шетелдіктермен байланысын болдырмау үшін ауруханалардағы мерзімін ұзартуды көздеп отыр. Автор сонымен қатар аталған ұйымның КСРО басшысы Л.И.Брежневке жазған «діни немесе басқа да саяси себептермен түрмеде отырған барлық кеңестік азаматтарды Олимпиада ойындарына босатуға» шақырған ашық хатынан үзінді келтірілген. Аталған фактілер, 60 жылға жуық діни қудалау мен дінді қатаң бақылаудың жүзеге асып жатырғанының айқын дәлелі болып табылады.

Кеңес билігі тұсындағы діни ұйымдар мен қауымдардың басқа мемлекеттермен байланысы қандай болды дейтін болсақ, XX ғ. 70-80 ж. христиан, мұсылман және де басқа діни конфессияларға қатысты шетел баспасөз беттерінен бірнеше мәліметтерді көруге болады.

«Қабул Таимз» (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс. 204, 2-п) Кеңес үкіметінің ұлттық көрмесі туралы материалдар тізбегінде конституциялық кепілдік берілген ар бостандығы туралы бөлімі айтылады. Бірнеше министрлер мен діни қызметкерлердің жағымды пікірлері айтылған КСРО дағы діни жағдайды баяндайтын экспозицияға Қабул және елдің басқа да қалаларынан 100 000 ауғандықтар қатысқаны туралы мақала авторы баяндаған.

Францияның «Агентсва Франс Пресс» (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс. 204, 8-п) баспасында Далай-Ламаның Кеңес Одағы мен Моңғолияға сапарын Қытаймен тұрақты соғыс қимылдарындағы Кремльдің тактикалық қадамы деп атаған мақала жарияланған. Буддизмдегі Далай Ламаның әлемдегі беделі христиандар арасындағы папаның беделімен салыстырылған баяндамада Кеңес Одағындағы буддистердің жағдайы туралы мәліметтің аз екендігі айтылып, тек

революцияға дейін 10 мыңнан астам лама болса, ал қазіргі уақытта олардың саны 400-ден аспайды деп жазылған. Бұл мәліметтерден, Кеңес Одағында тек қана христиан немесе мұсылмандар ғана емес, тіпті заңсыз, тіркелмеген секталармен қатар дүние жүзіндегі ірі діни конфессиялардың да қуғындалғанын байқаймыз. Алайда

Ағылшын баспасөзі «Экономист» «Маркс мұсылмандары» (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс. 204, 33-п) атты мақаласында мәскеулік корреспондент Майкл Биньон «кеңестік билік өкілдері белгілі бір мөлшерде Иран мен Ауғанстандағы толқулардың КСРО мұсылмандарына да әсерін тигізуі мүмкін деп қауіптеніп отыр, себебі 60 жылдық атеистік пропагандадан соң да ислам дінінің күші біршама» деп жазды. Сонымен бірге қазіргі таңда ислам дініне қатысты өзгерістің болып жатырғанын, оның мәселелеріне көңіл бөлініп, яғни соңғы жылы 10 жаңа мешіт салынып, шетелдік оқу орындарына оқуға және тәжірибе алмасуға жас діни қызметкерлерді жіберу жүзеге асып жатқандығын айтады. Және де автор атеистік үгіт-насихаттың тоқтамағанын барлық мүмкін болатын арналар мен құралдарды пайдалану арқылы дәстүрлі исламның орнына жаңа кеңестік рәсімді енгізу талпыныстарын ескертеді. Мақалада сондай-ақ кеңестік Орталық Азия республикаларына тән саяси тұрақтылыққа баса назар аударылып, бұл ең алдымен кеңестік мұсылмандардың көршілес елдердегі діндермен салыстырғандағы өмір сүру деңгейінің жоғары болуының салдары екені айтылады.

Йемен Араб Республикасы «Ас-Саура» басылымдарының бірінде ЙАР мүфтиінің Душабадағы ислам конференциясында сөйлеген сөзін жариялады. Бір үзіндіде: «Халықты исламға шақыру арқылы өз үкіметтеріне әсер етеді» делінген. Бейбітшілік дегенде біз, ең алдымен, Ливан жастарына қарсы қылмыс жасап, оның қалалары мен ауылдарын әуеден, құрлықтан және теңізден шабуылдарға ұшыратып отырған Израильді ауыздықтау арқылы Таяу Шығыста бейбітшілік орнатуды меңзеп отырмыз. Израиль әскерлерінің басып алынған жерлерінен шығарылуына қол жеткізу және Палестина халқының өз тағдырын өзі шешу құқығын қамтамасыз ету қажет», - деп жазады. КСРО-дағы діннің жағдайы туралы айта отырып, автор былай дейді:

«Осы елге көптеген сапарларым барысында мен барлық дін өкілдері – мұсылмандар, христиандар, еврейлер, буддистердің – діни салт-жоралғыларын орындауда толық еркіндік алғанына куә болдым. Мешіттердің қалай са-

лынып, қалпына келтіріліп жатқанын көрдік. Мешіттердің құлшылық етушілерге лық толы екенін, және жұма намазын оқығысы келетіндер тіпті жұмыстан босатылғанын көрдік» (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс. 204, 76-77 п) .

Тағы да араб баспасөзінің бірінде конференцияда Алжир делегациясы басшысының сөйлеген сөзі жарияланған, атап айтқанда: «КСРО-дағы бауырларымыздың діни өмірін өз көзімізбен көрдік, төрт рухани басқарманың мұсылман халықтарының мұрасын, олардың исламмен байланысты әдет-ғұрып дәстүрлерін сақтау үшін жасап жатқан күш-жігеріне қуанамыз. Біз мемлекет заңында көзделген шынайы діни сенім бостандығын көрдік. Бұл адамгершілік заң» делінген. Америкалық «Джерусалем пост» баспасында да осыған ұқсас мақаланы көруге болады. Онда авторы мәскеулік Дэн Фишер «Кеңестік мұсылмандар көршілерінен жақсы өмір сүреді» атты мақаласында «мұндағы мұсылмандар ілгерілеушілікке қол жеткіздік, тағдырларымыз Иран мен Ауғанстандағы бауырларымыздан әлдеқайда жақсы» деген жауаптарын, сонымен қатар автордың пікірінше, кеңестік республикалардағы көптеген мұсылмандар өздерін діни мағынада емес, ұлты бойынша атайтындығы туралы үзінділерін келтірген.

Француз баспасөзі «Ислам Маркске қарсы» (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс.204,55 п) деген айдармен Жерар Бадельдің мақаласын жариялайды. Автор Батыс елдерінің Ирандағы жағдайға қатысты алаңдаушылығын жаза келе: «таяу және Орта Шығыста жеңіске жеткен исламның өркендеуі Кеңес елін де алаңдатады. Дүние жүзіндегі соңғы отаршыл империя КСРО 50 миллионнан астам мұсылманды басқарады, бұл оның жалпы халқының бестен бірінен астамы. Ол әрине діни тұрғыдағы инфекциядан қорқады», – дейді. Мақалада Түркіменстан Компартиясының бірінші хатшысы М.Гапуровтың діни наным-сенімдерге қарсы күрестің қиындықтары туралы баяндамасынан үзінділер келтіріліп, мынадай қорытынды жасалған:

«Әрине, Мәскеудің ықпалы Кеңес Одағының Орталық Азия республикаларында тым күшті, Кремль толқулардан қорықпайды. Бірақ ол себепсіз емес, демографиялық даму еуропалық этникалық топтарға қарағанда орыс емес басқа ұлттардың тұрақты өсуіне байланысты болашақтан қорқады», - делінген. Осылайша автор, Кеңес Үкіметінің дінге қатысты саясатына тек діни тұрғыда емес, саяси ауқымды баға береді.

Тағы бір испандық басылымның мақаласында авторы Хаокин Н.Велльс (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс.

204, 80-п) Ватиканда Рим Папасы Киев митрополиты А.Левитан-Красновты қабылдағанын және кездесу барысында «кеңес мемлекеті атеистік мемлекет емес, тек қана сенушілер мен дінсіздерден тұрады. Атеистік үгіт-насихат кейде күшейтіліп, кейде басылып қалады» деп айтқан үзіндісін келтіреді. Халықаралық байланыстарды жүргізуде көбінесе кеңес үкіметі дінге қатысты жүргізген саясатын жасыруға, Конституция бойынша кез-келген дінді ұстануға немесе ешқандай дінді ұстанбауға болады деген заңдық күші бар құжатқа сүйеніп, одақ территориясында діни және ар-ождан бостандығы бар екенін көрсетуге тырысқанын көреміз.

Қазақ өлкелік комитетінің мұрағат қорларында «Кеңестік Шығыстың басқа мұсылман елдерінен айырмашылығы, Қазақстандағы ислам діни қазақ халқының арасында шаруашылықтың және мәдениеттің артта қалуына байланысты жас құбылыс болып табылады, дін тұрмыстық және мәдени эволюциядан артта қалған елдерге қарағанда мәдени жаңалық ретінде, яғни, әлдеқайда тікелей және фанаттық жағдайда қалыптасқаны туралы» жазылған. (ҚР Президенттік архиві, 141, т.1, іс. 1518,3-4 п). Сонымен бірге одақ ішіндегі діни байланыстарға тоқтала келе, қазақ халқының арасында мұсылмандық діни ағым татар және өзбек дінбасыларының күшті ықпалының әсерінен дамып жатыр. Оның үстіне бізге Татарстан мен Өзбекстаннан діни үгіт-насихат пен діни қызметкердің міндетін ұштастыра алатын ең консервативті, реакцияшыл ұсақ дінбасылар келуде деп баға берілген.

Мерзімді басылымдардан бөлек, 1979-1980 жылдары мамыр-қыркүйек айларында телевидение бойынша да Мәскеуде аккредитациядан өткен шетелдік телекомпаниялардың өкілдері дайындаған КСРО дағы діни жағдайды объективті түрде көрсеткен бірнеше арнайы телебағдарламалар көрсетілген. Мысалы, ФРГ де Литвадағы католик шіркеуі туралы телеочерк (10 мин), Ригадағы архиепископ Матулисовтың инаугурациясының онжылдығына байланысты салтанатты жиын туралы (12 мин) авторы Х.Бранд. Норвегия мен Швецияда-Өзбекстан мұсылмандары туралы, Мәскеудегі баптистік қауымдар туралы, Троиц-Сергиев Лаврдағы пасха мейрамын тойлау туралы телеочерк көрсетілген. Авторы Э.Селевоид. Италияда «Ресейдегі құдай» тақырыбындағы орыс православиелік шіркеуінің қазіргі жағдайы мен қызметі туралы құжаттық телефильм (1 сағат 5 мин.) көрсетілген. Дания мен Перуде Троиц-Сер-

гиев Лаврдағы пасха тойлау туралы (12) және (4) минуттық телебағдарламалар көрсетілген (ҚР ОМА; 2079, т.1, іс. 204, 47-п). Бұл фактілер Кеңес Одағындағы басты мәселелердің бірі-елдегі діни ахуалды назарда, бақылауда ұстау, ал басқа дамыған әлем, соның ішінде батыс елдерінің назары КСРО-дағы діни ахуал болғанына толық көз жеткіземіз.

Қорытынды

Қорыта келе, шетел баспасөз беттеріндегі Кеңес Одағындағы ХХғ.60-80 ж. діни ахуалға нақты бір сипаттама беру үшін мынадай тұжырымдар жасауға болады.

Біріншіден, кеңестік режим атеистік көзқарасты ұстанатын «кеңестік» тұлғаны қалыптастыруда белгілі бір жегістіктерге жеткенімен, толықтай атеистік қоғам құра алмады, себебі дінге деген қызығушылықтың артуы байқалады. Және де дінге қарсы пропаганданың әлі де болса жүріп жатқаны анық сезіледі, егерде дінге қарсы үгіт-насихаттың алғашқы жылдарында дінге бақылау жүргізетін органдардың сатистикалық есептерінде ауылдық жерлердегі қарт адамдар ғана діни көзқараста, мешіт, шіркеулерге солар ғана барады деп көрсетілсе, ХХғ.60-80 ж. діни көзқарастағы жастардың да үлесі артқанын көреміз. Яғни, 60 жылға жуық дінмен күрестің нәтижесі белгілі бір деңгейде қарама-қайшы нәтижелерге әкелді деп айта аламыз.

Екіншіден, Кеңес Үкіметі дінге қатысты бақылаулар жасауға мәжбүр болды, себебі басқа Орта Азия, Иран, Ауғанстан елдерінде діни еркіндік пен дінге басымдық болғандықтан, Одаққа қауіп болуы мүмкін деген ойда болды, үлкен территория мен әр түрлі ұлттарға иелік еткен соңғы отаршыл империя ретінде, толықтай діни бақылауда ұстау маңызды еді. Сонымен бірге кеңес билігінің КСРО құрамындағы орыс емес халықтардың діни күнделікті тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан институт болғандықтан, дінді түбегейлі жою мақсаттары орындалмады. Сондай-ақ, христиан дінінің қызметкерлерін бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстарда фашистік режиммен байланыстары бар деген айыптардың да болуы, еуропалық елдермен қарым-қатынаста діни сақтықты арттыруға себеп болды.

Үшіншіден, мұрағат құжаттарына сүйенсек, Қазақстанда «дінмен күрес» және діни ұйымдарды жою мен атеистік көзқарасты енгізу саясатының қаншалықты дайындықсыз жүргізілгенін көрсетеді. ХХ ғ. 60-80 жылдары

КСРО халқы арасында діншілдіктің күнделікті тұрмыс салтында жиі көрініс табуы, немесе дінге деген қызығушылықтың артқаны Одақ территориясындағы діни ахуалды бақылайтын органдарының жұмысының жүйесіз әрі кателіктерге толы болғандығын байқатады.

Төртіншіден, жоғарыда аталған шетелдік мақалалардың объективтілігі мен шынайылығына жоғары баға бере алмаймыз, себебі, жоғарыда айтылғандай Дін істері жөніндегі кеңестің мүшелері, облыс бойынша комиссарлары аталған ақпараттарды техникалық тұрғыда өңдеп, есепке алып отырғандықтан, өздеріне ке-

рек немесе көрсеткісі келетін мәліметтерді ғана қалдыруы мүмкін деген болжам жасалды, алайда, бұл материалдардың авторлары негізінен Кеңес Одағының елдері мен қалаларында болған тілшілері, яғни тікелей куәгерлері болып табылатынын айтқымыз келеді.

Мақала соңында, кеңестік биліктің түрлі шектеушілік саясатына қарамастан, дін және діншілдік Кеңес Одағы құлдырағанға дейін жойылмай сақталып келгенін жоғарыда келтірілген бірнеше фактілерден көре аламыз. Соның нәтижесінде қазіргі кезде егемен еліміздегі дін және діни мекемелер толық құқыққа ие болып отыр.

Әдебиеттер

- КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі Кеңестің Қазақ КСР бойынша уәкілеттілігі, ҚР Орталық Мемлекеттік архиві. 2079, т.1, іс. 204.
- КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі Кеңестің Қазақ КСР бойынша уәкілеттілігі, ҚР Орталық Мемлекеттік архиві. 2079, т.1, іс.81.
- РКП(б) Қазақ өлкелік комитеті – ВКП(б), ҚР Президенттік архиві. 141, т.1. іс. 1518.
- КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі Кеңестің Қазақ КСР бойынша уәкілеттілігі, ҚР Орталық Мемлекеттік архиві. 2079, т.1, іс. 41
- К.Т. Бөдеев, З.Г. Сақтағанова. Кеңес дәуіріндегі діни ұйымдардың құқықтық жағдайы (XX ғ. 40-шы жылдары) // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». № 2(90)/2018.
- Садықова М.А. Кеңес Өкіметінің дін саласындағы саясаты (1918-1953) Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы 2015. 201 б.
- Pospielovsky D.V. The Russian Church under the Soviet Regime, 1917– 1982: In .Crestwood (N. Y.), 1984.
- Fletcher W. Religion and soviet foreign policy 1945-1970. – London, 1973. – 350 p.
- Струве, Н. А. Церковь в Советской России / Н. А. Струве // Вестник РСХД. – Париж; Нью-Йорк. – № 64, I. – 1962.
- Горбатов А. В. Государство и религиозные организации в СССР (1940 – 1960-е гг.). В трудах эмигрантских и советских исследователей // Вестник Кемеровского ГУ. – № 2 (46). – 2011.
- Совет по делам религий при Совете Министров СССР // Атеистический словарь / под ред. М. П. Новикова. – М.: Политиздат, 1985 – С. 414.
- Қ.Ә.Ахметов. XXғ. 20-30 ж. Қазақстан мәдениеті. Алматы, 2002, 320 б.
- Ивар Спектор. Советское влияние на исламские народы / University of California Press. – Том 32. – Июнь, 1957. – С. 353.
- Арапов Д.Ю. Ислам и советское государство (1944-1990): Сборник документов. – М., 2011. – С. 132.
- Базиев А.Т., Исаев М.И. Язык и нация. – М., 1973. – С-114.

References

- QSRO ministrler keñesi janındaǵı Din isteri jönindegi Keñestiñ Qazaq KSR boyındaǵı wäkildigi, QR Ortalıq Memlekettik muraǵatı. 2079, t.1, is. 204.
- QSRO ministrler keñesi janındaǵı Din isteri jönindegi Keñestiñ Qazaq KSR boyındaǵı wäkildigi, QR Ortalıq Memlekettik muraǵatı. 2079, 1 t., is.81.
- RKP(b) Qazaq ölkelik komiteti – VKP(b), QR Prezident muraǵatı. 141, t.1. is. 1518.
- QSRO ministrler keñesi janındaǵı Din isteri jönindegi Keñestiñ Qazaq KSR boyındaǵı wäkildigi, QR Ortalıq Memlekettik muraǵatı. 2079, t.1, is. 41
- Q.T. Bodeev, Z.G. Saqtaǵanov. Keñes dawirindegi dini üyimderdiñ quqıtq jaǵdayı (XX ǵ. 40-jıldarı) / Qaraǵandı wñiversitetiniñ xabarşısı. «Tarix. Filosofiya». № 2(90)/2018
- Sadıqova M.A. Keñes Ökimetiniñ din salasındaǵı sayasatı (1918-1953) filosofiya doktorı (PhD) ǵılım дәrejesin alw üşin dayındaǵan dissertaciyası. Almatı 2015. 201 b.
- Pospielovskiy D.V. Keñes ökimeti tusındaǵı orıs şirkewi, 1917-1982 jj.: Krestsvodt (N. Yu.), 1984 j.
- Fletçer V. Din jäne keñestik sırtqı sayasat 1945-1970 jj. – London, 1973. – 350 b.
- Strwve, N.A. Keñestik Reseydegi şirkew / N.A. Strwve // Vestnik RSXD. – Parıj; Nyu York. – No 64, I – 1962 j.
- A.V.Gorbatov. KSRO-daǵı memlekettik jäne dini uyımdar (1940-1960 jj.) emigrant jäne keñes zerttewşileriniñ eñbekterinde Kemerovo memlekettik wñiversitetiniñ xabarşısı № 2 (46) 2011 j.
- KSRO Ministrler Keñesi janındaǵı Din isteri keñesi // Ateistik sözdik / rw. M.P.Novikova – M.: Politizdat., 1985 – 414-b.
- Q.Ä. Axmetov. XXǵ. 20-30jj. Qazaqstan mädenieti. Almatı, 2002, 320 b.
- Ivar Spector. Keñestiñ İslam xalıqtarina äseri. \\ Kaliforniya wñiversitetiniñ baspasözi // 32-tom. No 190. (1957 j. mawsım) – 353-b
- D.Yu.Arapov. İslam jäne Keñes memleketi. (1944-1990) Qujattar jınaǵı. Mäskew 2011, b.- 132
- Baziev A. T., İsaev M. İ. Til jäne ult. Mäskew, 1973 j S-114.